

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі



Өткізген: Қоқанова А.С.

Ақтау қаласы 2022 жыл

Мақсаты:

Білімділігі: Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Дамытушылығы: Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі **үйшік** тұрады. Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді.

Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы үйшік. Мен енді осында тұрамын.

Сол кезде шыршалардың арасынан бақа әндетіп шығады:

Бақа:

Мен бақамын, бақ-бақ,

Басым менің жалпақ.

Су түбінде көп жүріп,

Басым содан жалпақ.

Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қап тесер тышқан тұрады.

Ал сен кімсің?

Бақа: Мен секек бақамын. Үйшікке мені де кіргізші.

Тышқан: Мұнда орын жетеді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады.

Енді **үйшік** қасына ытқып-ытқып қоян жетеді.

Қоян:

Мен ақ қоянмын, ақ қоянмын,

Қалқиған ұзын құлағым.

Құлағымды жел үніне,

Тігіп жатар сақ қоянмын.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл **үйшікте** кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

– Мен қорқақ қоянмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қоян да **үйшікке** кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды.

Алыстан бұл **үйшікті** түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін қағады да:

Түлкі:

Ананы да алдаған,

Мынаны да алдаған.

Жүрген жері шу,

Мен түлкімін қу.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл **үйшікте** кім бар? – деп сұрайды.

- Мен тықырлауық тышқанмын!
- Мен бақылдауық бақамын.
- Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?
- Мен қу түлкімін!
- Кел, бірге тұрайық.

Үйшіктен түлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды.

Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

Қасқыр:

Мен қасқырмын, қасқырмын,
Қозы ұрлайтын өрістен.
Ұйқым келмейді егерде,
Қозы етін жемесем.

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл **үйшікте** кім бар? – деп сұрайды.
- Мен тықырлауық тышқанмын!
- Мен бақылдауық бақамын.
- Мен қорқақ қоянмын!
- Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің?
- Мен сұр қасқырмын!
- Кел, бірге тұрайық.

Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай **үйшікке** бесеуі де сыйып кетеді. Тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні жидек теріп жүрген аю **үйшік** тұрғындарының салған әнін естиді. Ол **үйшікке** жақын келіп, бар дауысымен:

Аю:

Кезген ішін орманның,
Мен аюмын қорбаңмын.
Қалың нудан бал тандап,
Жүремін мен балпаңдап.

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл **үйшікте** кім бар? – деп ақырады.
- Мен тықырлауық тышқанмын!
- Мен бақылдауық бақамын.
- Мен қорқақ қоянмын!
- Мен қу түлкімін!
- Ал мен болсам, сұр қасқырмын!
- Ал сен кімсің?

- Мен қорбаңбай аюмын!
- Кел, бірге тұрайық.

Аю ары-бері тырбыңдап **үйшікке** кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

- Ендеше мен **үйшіктің** шатырына шығып тұрайын, – дейді.
- Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, – деп шырылдайды іштегілер.
- Қорықпаңдар – деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.
- Кіп-кішкентай **үйшіктің** тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю

қорбаңдап **үйшік**тің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі **үйшік** сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр – барлығы аман-есен **үйшік**тен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа **үйшік** тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа **үйшік** соғып алады.

Ертегі кейіпкерлерін сомдаған:

Аю – Нұрбибі Келімбердіқызы

Қоян – Өтесін Нұржауған

Түлкі – Айнаш Араловна

Бақа – Наушабаева Меруерт

Тышқан – Кунарбаева Жұлдыз

Қасқыр – Жаныл

